

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Жаратылыстану факультеті

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

№3 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

29.11.2022 ж.

Қатысқандар: комиссия төрағасы:

Курбанбеков Ш. – PhD., доцент м.а;

Комиссия мүшелері:

1. К.Ж.Назарова – ф.-м.ғ.к., доцент м.а.;
2. М.А.Муратбекова – PhD, аға оқытушы;
3. М.А.Султанов – ф.-м.ғ.к., профессор м.а.;
4. Ш.Ж.Раманкулов – PhD, аға оқытушы;
5. Г.Ж.Тұрметова – техн.ғ.к., доцент м.а.;
6. Б.Б.Тойжигитова – PhD, аға оқытушы;
7. М.О.Алтынбекова – х.ғ.к., доцент;
8. Ә.Т.Мейірбеков – техн.ғ.к., профессор м.а.;
9. Б.С.Абжалов – х.ғ.к., доцент;
10. Ш.М.Беласарова – аға оқытушы;
11. Е.Н.Еділбаев – докторант;
12. Д.Ж. Тұтқабай – магистрант;
13. Л.Бейсебай – студент;
14. Ж.А.Тлеубергенова – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

Шакырылғандар:

1. Э.Ибрагимова – факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінің төрайымы

Хатшы: Абишова Гулжан – аға оқытушы

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалау.
2. ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасау.
3. Заманауи технологияларын қолданып оқыту, сабақтар жүргізу, ағымдық, аралық бағалау процестерінің бекітілген талаптарға сәйкестігін бақылау.
4. Қараша айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін комиссия мәжілісінде талдау.

Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағасы Курбанбеков Ш. сөз алып күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіндегі 2

қосымша бойынша оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер және 8 қосымша бойынша цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттердің болуы туралы мәліметтерді қарастырды. Біліктілік талаптарына сәйкес мамандықтар бойынша әр пәннен оқытылатын тіліне сәйкес (соңғы 10 жылда шығарылған) кемінде 1 оқулық немесе оқу құрал, 1 оқу-әдістемелік құрал, 1 цифрлық тасымалдағышта әдебиеттің болуы шарт (1 қосымша). Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіндегі 2 және 8 қосымшаға енген әдебиеттер сиплабуға көрсетілуі тиіс. Сонымен қатар бұл әдебиеттер міндетті түрде университет кітапханасының қорында болуы керек. Цифрлық тасымалдағыштардағы әдебиеттер www.library.ayu.edu.kz, <http://rmebrk.kz> электрондық ресурстардың базаларында анықталған болуы тиіс. Талдау нәтижесі бойынша жаратылыстану факультетінің білім беру бағдарламаларының пәндерінің оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыздандыру көрсеткіші жоғары дәрежеде (2, 8 қосымшалар).

Шешім: ББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі ОПҚ тарапынан қолға алынсын.

Тыңдалды:

Назарова К.Ж.: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз алды: ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасау. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақты сапалы әрі қызықты өтуге ұмтылуда. Факультеттің ОПҚ сабақ өту барысында мультимедиялық оқыту технологиясы, деңгейлік-саралап оқыту технологиясы, ұжымдық оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, жаңа ақпараттық коммуникациялық технологиясы, тренингтік оқыту технологиясы және проблемалық оқыту технологиясы кеңінен қолданылады. Оқытушыларының сабақ беру барысында жаңа технологиялар мен әдістемелерді кеңінен қолданылуына байланысты, студенттердің үлгерімі жылдан-жылға артуда.

2022-2023 оқу жылында оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша факультет ОПҚ үшін ішкі әдістемелік семинарлар мен тренингтер өткізу жоспар бойынша орындалуда. Семинар мақсаты қазіргі таңда оқытудың инновациялық әдістер мен технологияларын қашықтан оқыту жүйесіне енгізу болды. Факультет ПОҚ құрамы семинарларға қатысып, талдаулар жасап, сұрақтар қойып өзара пікір алмасты.

№	Кафедра	Семинар тақырыбы	Мерзімі	Жауапты орындаушы
1	Биология	Биология кафедрасында кәсіптік практиканы ұйымдастырудың ерекшеліктері	Қараша	Абдраимова Қ.
2		Топтық оқыту технологиясы	Ақпан	Тойжигитова Б.
3		Топырақ биологиясы пәнін оқытуда, зерттеуде тиімді әдістерді қолдану	Наурыз	Қалиева Н.
4		Жобалап оқыту технологиясы-XXI ғасырдың білім беру технологиясы	Сәуір	Абишова Г.
5	Математика	Математика мамандығы магистранттарына Академиялық ғылыми жазба пәнін өтудің ерекшеліктері	Қазан	Турметтов Б.Х.
6		GeoGebra- ны стереометрия элементтеріне қолдану әдістері.	Қараша	Усманов Қ.И.
7	Физика	Молекулалық физика пәнінде Кейс	Сәуір	Түйебаев М.

		технология тәсілін қолдану тиімділігі.		
8		Мобилді қосымшаның сабақта пайдалану тиімділігі.	Желтоқсан	Досымов Э.
9		Физиканы оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану ерекшеліктері.	Желтоқсан	Усембаева И.
10		Білім беру үрдісіндегі бағалаудың тиімді әдістері	Қазан	Әбдімүтәліп Н.Ә.
11	Экология және химия кафедрасы	ЖОО-да бейорганикалық химия курсының оқытудың әдістемелік аспектілері	Ақпан	Жылысбаева Г.Т.
12		Мектепте география пәнін оқытудың әдістемелік ерекшеліктері	Сәуір	Беласарова Ш.М.

Шешім: ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендірілуі қанағаттанарлық деп таңылсын.

Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы Курбанбеков Ш. күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша сөз алды: заманауи технологияларын қолданып оқыту, сабақтар жүргізу, ағымдық, аралық бағалау процестерінің бекітілген талаптарға сәйкестігін бақылау. Заманауи технологиялар туралы алдыңғы сұрақта тоқталып кеттік. Ағымдық және аралық бақылау сұрақтарын қарастырсақ.

Мейрбеков Ә.Т.: Оқыту сапасын, яғни оқытудың күтілетін нәтижелеріне жету деңгейін анықтау үшін оқытушының алдына оқылған материалды меңгеру сапасының көрсеткіштерін, бақылаудың әдістері мен түрлерін таңдау, оны жүзеге асырудың процедураларын жасау, бақылау мен бағалаудың негізгі функцияларына сәйкес оқу қызметін жекеше түзету тәсілдерін негіздеу міндеттері қойылады. Үлгерімді бақылау барысында білімдер, дағдылар мен ептіліктер тереңдетіліп дамитын болса, білімділік деңгейі жоғарыласа, ақыл-ой еңбегінің мәдениеті артса, білім алушының дербестігі ынталандырылса, бақылаудың оқыту функциясы жүзеге асады.

Білім алушының ағымдағы оқудағы жетістіктерін тексеру үшін бақылаудың келесі түрлері мен формалары қарастырылған: - ағымдағы бақылау (апталық бағалау); - аралық бақылау (блок, РК1, РК2).

Ағымдағы бақылауды оқытушы күнделікті оқу жұмысы барысында жүзеге асырып, сабақтарды ұйымдастыру формаларының шеңберінде өткізеді. Мұнда жалпы топтың және әр білім алушының жеке жұмысы бақыланады, жаңа материалды меңгерумен, оны бекітумен үйлестіріп білім, дағдылар, ептілік жүйелі тексеріледі. Осы мақсатта факультеттің ОПҚ құрамы au.portal.kz доменінде баллдық көрсеткіштермен апта сайын қойып отыруда. Аралық бақылау апталық бағалардан, БӨЖ, сабаққа қатысу көрсеткіштерден шығады.

Шешім: Заманауи технологияларды қолданып оқыту, сабақтар жүргізу, ағымдық, аралық бағалау процестерінің бекітілген талаптарға сәйкестігін бақылау қанағаттанарлық деп таңылсын.

Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Курбанбеков Ш. 4-ші сұрақ бойынша қорытынды сөз алды:

1. ББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалау.
2. ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасау.

3. Заманауи технологияларын қолданып оқыту, сабақтар жүргізу, ағымдық, аралық бағалау процестерінің бекітілген талаптарға сәйкестігін бақылау.
4. Қараша айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін комиссия мәжілісінде талдау.

Шешім Факультеттегі қараша айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

Мәжіліс төрағасы:

Ш.Курбанбеков

Мәжіліс хатшысы:

Г.Абишова

- Қатысушылар:
1. К.Ж.Пашарын – ф.м.ғ.к., доцент
 2. М.А.Муртағалиева – PhD, аға оқытушы
 3. М.А.Султанов – ф.м.ғ.к., аға оқытушы
 4. Ш.Ж.Рахымжанов – ф.м.ғ.к., аға оқытушы
 5. Т.Ж.Түркібаев – аға оқытушы
 6. Б.Б.Төлежанов – PhD, аға оқытушы
 7. М.О.Ахметжанов – а.ғ.ғ.к., доцент
 8. Ә.Т.Мейірбеков – техникалық профессор
 9. Б.С.Ахметов – а.ғ.ғ.к., доцент
 10. Ш.М.Рахымжанов – аға оқытушы
 11. Е.Н.Балабаев – аға оқытушы
 12. Д.Ж.Түркібаев – аға оқытушы
 13. Д.Бектөлеуов – аға оқытушы
 14. Ж.А.Топырақов – аға оқытушы
- Шығармашылар:
1. Ә.Ибрагимов – факультеттің әкімі
- Хатшы: Абишова Гүлжан – аға оқытушы

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Іс шаралардың оқыту сапасына баға берудің маңызы, бағалау әдістерінің ескі әдістерден өзгешелігі туралы талқылау.
2. ББ іс-шараларының нәтижесін бағалаудың маңызы туралы талқылау.
3. Заманауи технологияларын қолданып оқыту, сабақтар жүргізу, ағымдық, аралық бағалау процестерінің бекітілген талаптарға сәйкестігін бақылау.
4. Қараша айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін комиссия мәжілісінде талдау.

Тыңдалды. Сіздің қатысуыңызға өте маңызды комиссия төрағасы Курбанбеков Ш. сөз алып күн тәртібіндегі барлық мәселе бойынша біздің білу қажетіне қанағаттануыңызды талап етеміз. Және осыған байланысты қажетті құжаттарды тапсырыңыз.